

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің
Денсаулық сақтау комитеті туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 7 мамыр N 553. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.03. N 1852 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 233 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің құрылымы;
- 3) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі
б е к і т і л с і н .

2. М ы н а л а р д ы ң :

- 1) "Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 сәуірдегі N 384 қаулысының ;
- 2) "Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қыркүйектегі N 929 P980929_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 34, 303-құжат) күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң**

міндетін атқарушы

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау,
білім және спорт министрлігінің Денсаулық
сақтау комитеті туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар .

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар .

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:
Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 66.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті" мемлекеттік мекемесі .

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады .

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады .

Егер Комитетке заң актілерімен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқық берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзуге асыруға қатысу, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, азаматтарға дәрілік көмек көрсетуді ұйымдастыру;

2) өз құзыретінің шегінде медициналық және фармацевтикалық ғылым мен өнеркәсіпті жетілдіру, денсаулық сақтау кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру;

3) өз құзыретінің шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

11. Комитет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік және мақсатты кешенді бағдарламаларды, денсаулық сақтау саласының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және оларды іске асыру мен оның орындалу барысын бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шараларды республикалық бюджеттен қаржыландыру, берілген қаражатты бөлу туралы ұсыныстар әзірлеп, олардың мақсатты пайдаланылуын бақылауға қатысады;

3) тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемінің тізбесін әзірлейді;

4) денсаулық сақтауды реформалаудың негізгі бағыттарын әзірлейді, олардың іске асырылуы мен орындалу барысын бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, медицина ғылымының басым бағыттарын дамытуды қамтамасыз етеді, денсаулық сақтау практикасына ғылыми зерттеулер мен талдамалар нәтижелерін енгізуді ұйымдастырады;

5) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне басшылық жасап, оны үйлестіруді жүзеге асырады;

6) денсаулық сақтау объектілерін жекешелендіру мәселесін шешуге қатысады;

7) жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

8) өз құзыретіндегі мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді, сондай-ақ

азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайын қалыптастыру саласында қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауды жүзеге асырады;

9) төтенше жағдайлар болған кезде медициналық көмекті ұйымдастыруды және көрсетуді жүзеге асырады;

10) өз құзыретінің шегінде сот-медициналық және сот-психиатриялық сараптауға басшылықты және оны ұйымдастыруды жүзеге асырады;

11) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында заңдардың қолданылу практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөнінде заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

12) денсаулық сақтау мамандарына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеуге қатысады, медицина және фармацевтика кадрларын даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастырады, денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мен оларға еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

13) өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асырады, тауарларды экспорттау мен импорттауға лицензия беру туралы шешімдерді келісуге қ а т ы с а д ы ;

14) Қазақстан Республикасының аумағында санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің қызметіне басшылықты ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

15) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді ауруларды әкелу мен таратудан сақтауды ұйымдастырады;

16) Қазақстан Республикасының ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінде санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, өз өкілеттіктерінің шегінде санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді әзірлейді;

17) фармацевтикалық қызметті, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

18) дәрілік заттардың Мемлекеттік Фармакопеясы мен Мемлекеттік тізілімін бекітеді, медицина практикасында дәрілік заттардың қолданылуын тіркеуді және оған рұқсат беруді жүзеге асырады, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техника жөнінде нормативтік-техникалық құжаттама әзірлейді;

19) Қазақстан Республикасының аумағындағы ұйымдар шығаратын медициналық мақсаттағы жаңа бұйымдар мен техникаларға техникалық сынақтар жүргізуге қатысады, емдеу-профилактика мекемелерін және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі, сондай-ақ өз құзыретінің

шегінде республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алынған және ізгілік көмектер желілері бойынша түскен дәрілік заттар ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

20) денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдемдеседі, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, азаматтардың денсаулығын сақтау саласында шетелдік несиелерді, гранттарды, инвестицияларды тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныс енгізеді;

21) халықтың денсаулығының жай-күйіне талдау жасайды, медициналық-статистикалық және ғылыми-медициналық ақпараттың бірыңғай жүйесін әзірлеу мен ұйымдастырудың, есептеу-есеп берудің медициналық құжаттамасын жетілдіру жөнінде іс-шаралар жүргізеді;

22) өз қызметінің аясында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты ұйымдастырады, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

23) Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар мен келісімдер жасасқан шетел мемлекеттерімен, Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдармен ақпарат және мамандар алмасуды ұйымдастырады;

24) заңмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12. Негізгі міндеттерді іске асыру мен өз функциясын жүзеге асыру мақсатында Комитеттің өз құзыреті шегінде заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер шығаруға, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардан ақпарат сұратуға және алуға;

2) ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыруға және санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді, нормалар мен гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

4) денсаулық сақтауға бөлінген республикалық бюджет қаражатының дұрыстығы мен тиімді пайдаланылуына тексеру жүргізуге қатысуға;

5) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Комитетке мүлікке билік ету құқығы берілген жағдайда, ол заңдарда белгіленген шекте мүлікке билік жасайды.

4. Комитет қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері басқарады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері лауазымы бойынша Комитет төрағасының орынбасары болып табылады.

18. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

19. Комитет төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңдарға және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі бекіткен лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Комитетте консультативтік-кеңесші орган - алқа құрылады, оның саны мен дербес құрамын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және

спорт министрі бекітеді.

Комитет қызметінің бағыттары бойынша сараптама органдары ретінде кеңестер мен комитеттер құрады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

21. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

7 мамырдағы

N 553 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау,
білім және спорт министрлігі Денсаулық
сақтау комитетінің**

Құрылымы

Басшылық

Емдеу-профилактикалық мекемелердің қызметін үйлестіру басқармасы

Денсаулық сақтауды жоспарлау басқармасы

Медициналық білім және ғылым басқармасы

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет басқармасы

Дәрі-дәрмек саясаты бөлімі

Ұйымдастыру-бақылау, кадрлармен жұмыс бөлімі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

7 мамырдағы

N 553 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау,
білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау
комитетінің қарауындағы ұйымдардың**

Тізбесі

1. Көліктегі Мемсанэпидемқадағалаудың Ақмола аймақтық орталығы
2. Арал аудандық обаға қарсы күрес станциясы
3. Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы
4. Атырау обаға қарсы күрес станциясы
5. Көліктегі Мемсанэпидемқадағалаудың Батыс-аймақтық орталығы
6. Қазақ республикалық лепрозорийі
7. Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы
8. Маңғыстау обаға қарсы күрес станциясы

9. Қазақстан Республикасы туберкулез проблемаларының ұлттық орталығы
10. Отан соғысының мүгедектеріне арналған Республикалық клиникалық
г о с п и т а л ь
11. "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы
12. Республикалық клиникалық психиатриялық ауруханасы
13. Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық аурухана
14. СПИД-тің алдың алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық
о р т а л ы қ
15. Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
16. "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі
17. "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі
18. Арнаулы медициналық қамтамасыз ету республикалық орталығы
19. Қазақстан Республикасының әуе жолы көлігінің
санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
20. Талдықорған обаға қарсы күрес станциясы
21. Орал обаға қарсы күрес станциясы
22. Медициналық апат орталығы
23. Сот медицинасы орталығы
- 2 4 . < * >
25. Қазақстан Республикасы көліктегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық
с т а н ц и я с ы
26. Шымкент обаға қарсы күрес станциясы
27. Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты
28. Ақмола мемлекеттік медицина академиясы
30. Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы
31. "Здравоохранение Казахстана" журналының баспа үйі
32. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты
33. "Құрмет Белгісі" орденді қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты
34. Қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институты
35. Обаға қарсы қазақ ғылыми-зерттеу институты
36. С. Ж. Асфендияров атындағы қазақ мемлекеттік медицина университеті
37. Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы
38. Республикалық кәсіби аурулар клиникасы
39. Кәсіби патология клиникасы
40. Республикалық клиникалық психиатриялық ауруханасы жанындағы
емдеу-өндірістік шеберханасы
41. Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық ауруханасы жанындағы
емдеу-еңбек шеберханасы
42. С.Х. Субханбердин атындағы Қазақстан медицина және денсаулық сақтау

т а р и х ы н ы ң

м ұ р а ж а й ы

43. А.Н.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми орталық
44. Академик Б.О.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы
45. Педиатрия және бала хирургиясы ғылыми орталығы
46. Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы
47. < * >
48. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы
49. Тері-венерология ғылыми-зерттеу институты
50. Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты
51. Республикалық ана мен бала денсаулығын сақтау ғылыми-зерттеу орталығы
52. Республикалық қан орталығы
54. "Стоматология" республикалық ғылыми-клиникалық орталығы
55. Орта медициналық және фармацевтік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі республикалық колледжі
56. Шығыс және осы заманғы медицинаның республикалық шаруашылық есептегі ғылыми-практикалық орталығы
57. "Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасы
58. "Алатау" балалар клиникалық санаторийі
59. Республикалық емхана
60. "Республикалық оқыту-әдістемелік орталығы
61. Семей мемлекеттік медицина академиясы
62. "Дәрі-дәрмек" дәрілік құралдар орталығы
63. Спорттық медицина және оңалту орталығы
64. Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі
65. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы
66. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЕСКЕРТУ. 29,53-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1264 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 24,47-жолдар алып тасталды, 66-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1364 қаулысымен .

